

## Қазақстан Республикасының шекарасында және көлігінде мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1994 ж. N 748

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республиканың негізгі әуе, теңіз және өзен порттарында, көлік магистральдарында, мемлекеттік шекарасында қосымшаға сәйкес 27 штаттық құраммен қосымша 40 шекаралық және көліктік мал дәрігерлік бақылау бекеттерін құру жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған бюджетті анықтау барысында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша операциялық шығындардың құрамында осы қаулыға қосымшада көрсетілген бақылау бекеттері мен олардың штаттық құрамын ұстауға қаржы көздейтін болсын.

3. Аумақтарында мал дәрігерлік бақылау бекеттерін орналастыру

анықталған облыстардың, аудандар мен қалалардың әкімдері осы бекеттердің қызметкерлерін қызмет және тұрғын үйлермен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 30 маусымдағы

N 748 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының шекарасында және  
көлігінде жаңадан құрылатын мал дәрігерлік  
бақылау бекеттерінің тізбесі

---

Мал дәрігерлік бақылау бекет. атауы		Тоспаның номері		Мал дәрігерлік бақылау тоспасының орналасуы		Штаттық бірлік саны
---	--	--------------------	--	--	--	---------------------------

---

1	2	3
Ақмола	1 Ақмола қаласы, әуежай	3
Маңғыстау	2 Ақтау қаласы, әуежай	4
	3 Ақтау қаласы, теңіз порты	4
	4 Ақтау - Қоңырат - Краснодарск автожолы	2
Ақтөбе	5 Ақтөбе қаласы, әуежай	4
	6 Ақтөбе-Орск, Орынбор автожолы	8
Торғай	7 Арқалық қаласы, әуежай	1
Атырау	8 Атырау қаласы, әуежай	4
	9 Атырау қаласы, теңіз порты	4
	10 Атырау-Астрахан автожолы	12
Балхаш	11 Балхаш қаласы, әуежай	2
Жамбыл	12 Жамбыл қаласы, әуежай	4
	13 Жамбыл - Бішкек автожолы	12
	14 Шу, Жамбыл темір жол станциясы	2
Жезқазған	15 Жезқазған қаласы әуежай	1
	16 Жезқазған темір жол станциясы	1
Қарағанды	17 Қарағанды қаласы, әуежай	4
Қызылорда	18 Қызылорда қаласы, әуежай	3
	19 Арал қаласы, әуежай	3
	20 Қызылорда-Қоңырат автожолы	3
Көкшетау	21 Көкшетау қаласы, әуежай	4
	22 Ертіс темір жол станциясы	3
	23 Көкшетау-Омбы автожолы	8
Қостанай	24 Қостанай қаласы, әуежай	4
	25 Золотая сопка темір жол станциясы	3
	26 Қостанай-Челябинск, Қорған автожолы	8
Павлодар	27 Павлодар қаласы, әуежай	3
	28 Павлодар-Омбы, Новосибирск автожолы	12
Петропавл қаласы	29 Петропавл қаласы, әуежай	4
	30 Петропавл -Омбы, Тюмень автожолы	18
Семей	31 Семей қаласы әуежай	3
	32 Семей-Барнаул автожолы	8
Талдықорған	33 Талдықорған қаласы, әуежай	5
Шығыс Қазақстан	34 Өскемен қаласы, әуежай	4
	35 Өскемен-Рубцовск, Барнаул автожолы	8
Орал	36 Орал қаласы, әуежай	5
	37 Орал-Орынбор, Волгоград автожолы	16

Оңтүстік Қазақстан	38	Шымкент қаласы, әуежай	5
	39	Шымкент-Ташкент автожолы	20
Алматы	40	Алматы-Пржевальск автожолы	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК